SOZAQ ÚNI
АУДАНДЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ЖӘНЕ АҚПАРАТТЫҚ ГАЗЕТ
СОЗАҚ АУДАНЫ
Газет 1930 жылдың 10 қазанынан шыға бастады
sozak_uni@mail.ru
WWW.SOZAK-UNI.KZ
№31 (9198)
СЕНБІ
27 сәуір, 2024 жыл

# Қазақстан халқы Ассамблеясы төрағасының орынбасарлары тағайындалды

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқы Ассамблеясы төрағасының орынбасарларын тағайындады.

«Мемлекет басшысының өкімдерімен Лугмар Харкиевич Буларов және Юрий Германович Шин Қазақстан халқы Ассамблеясы Төрағасының орынбасарлары болып тағайындалды», делінген хабарламада.

**Созақ аудандық мәслихаты**
**ШЕШІМ**
24.04.2024 ж №15

## Созақ аудандық мәслихатының сегізінші шақырылымындағы кезектен тыс он алтыншы сессиясын шақыру туралы

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 10-бабының 2-тармағына сәйкес, Созақ аудандық мәслихатының сегізінші шақырылымындағы кезектен тыс он алтыншы сессиясы 2024 жылғы 30 сәуір, сағат 11.00-де, Шолаққорған ауылында шақырылсын.

**Созақ аудандық мәслихатының төрағасы О.Жәмиев.**

**Созақ аудандық мәслихатының депутаттары мен аудан халқының назарына!**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 10-бабына сәйкес, Созақ аудандық мәслихатының сегізінші шақырылымындағы кезектен тыс он алтыншы сессиясы 2024 жылғы 30 сәуір, сағат 11.00-де Шолаққорған ауылында шақырылатыны туралы Сіздерді хабардар етемін. Мекен-жайы: Шолаққорған ауылы, Жібек жолы көшесі, №16.

Депутаттарды тіркеу 30 сәуір, сағат 09.00-ден бастап аудандық мәслихатта өткізіледі.

Аудандық мәслихаттың тұрақты комиссияларының бірлескен мәжілісі 2024 жылғы 30 сәуір, сағат 10.00-де өткізіледі.

**Сессияның қарауына мына мәселе ұсынылады:**

Созақ аудандық мәслихатының 2023 жылғы 27 желтоқсандағы №80 «2024 - 2026 жылдарға арналған ауылдық округтер және кенттер бюджеті туралы» шешіміне өзгерістер енгізу туралы.

Сессия қарауына келіп түсуіне қарай өзге де мәселелер енгізілуі мүмкін.

**Аудандық мәслихат төрағасы О.Жәмиев.**



# Мемлекет басшысы KIA корпорациясының президентін қабылдады

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев KIA корпорациясының президенті Хо-сунг Сонгты қабылдады.

Президент автоиндустрияны дамыту Қазақстанның өнеркәсіп саясатының негізгі бағыттарының бірі саналатынын атап өтті.

Хо-сунг Сонг Қасым-Жомарт Тоқаевқа Қостанайдағы автомобиль шығаратын толық циклді зауыт құрылысының барысы туралы мәлімет берді. Зауыт жыл соңына дейін пайдалануға берілмек.

Жобаны жүзеге асыру үшін 90 миллиард теңгеден астам инвестиция тартылған. 1,5 мың тұрақты жұмыс орнын ашу жоспарланып отыр.

Зауыттың жобалық қуаты жылына 70 мың автомобиль шығаруға есептелген. Оның ішінде 50 мың автомобиль ұсақ бөлшектерден құрастыру әдісімен өндіріледі, яғни жергілікті өнім үлесі барынша жоғары болады.

Сонымен қатар Хо-сунг Сонг автомобильдің қосалқы бөлшектерін жаһандық деңгейде өндірушілерді Қазақстанға тарту жұмыстары жүргізіліп жатқанын жеткізді.

Атап айтқанда, елімізде автокөліктің қосалқы бөлшектерін шығаратын зауыт салу жөнінде кореялық Sey-ong EHWA (KIA көліктеріне арналған автобөлшектер өндіруші) компаниясымен келісімге қол қойылды.

Мемлекет басшысы KIA корпорациясының Қазақстанда автобөлшектердің жергілікті өндірісін жолға қою туралы шешімін құптады. Сондай-ақ аталған саланы дамыту үшін білікті отандық мамандар даярлау қажет екенін айтты.

# Биыл 4 мыңнан астам этникалық қазақ қандас мәртебесін алды

Жыл басынан бері 4 351 этникалық қазақ тарихи отанымен табысып, қандас мәртебесін алды. Жалпы 1991 жылдан бері республикаға 1 млн 132,7 мың этникалық қазақ оралды.

2024 жылы Қазақстанға оралған қандастардың жартысы (51,1%) Қытайдан, 31,9% – Өзбекстаннан, 6,4%–Түрікменстаннан, 5,4%–Моңғолиядан, 3,7% – Ресейден және 1,5% басқа елдерден келген.

Осы жылғы 1 сәуірдегі жағдай бойынша еңбекке қабілетті жастағы этникалық қоныс аударушылар саны 59,1%-ды, еңбекке қабілетті жастан кіші 31,7%-ды және зейнеткерлер 9,2%-ды құрайды.




Еңбекке қабілетті жастағы қандастардың ішінен білім деңгейі бойынша 16,9%-ы жоғары білімді, 21,5%-ы орта кәсіби білімді, 55,5%-ы жалпы орта білімді, және 5,1%-ында білім жоқ.

Қоныс аударған этникалық қазақтар республиканың түрлі өңірлеріне қоныстанды. Қандастарды қоныстандыру үшін келесідей еңбек күші тапшы өңірлер анықталды: Ақмола, Абай, Қостанай, Павлодар, Шығыс және Солтүстік Қазақстан облыстары.

«Қоныстандыру өңірлерінде 2024 жылға арналған қандастарды қабылдау квотасы 2 433 адамды құрайды. 2023 жылғы 1 сәуірдегі жағдай бойынша қоныстандыру өңірлеріне 1381 қандас қоныс аударды. Жоғарыда аталған өңірлерде қоныстанған қандастарға көшуге субсидия түрінде мемлекеттік қолдау шаралары ұсынылады–бір мезгілде отағасына және отбасының әрбір мүшесіне 70 АЕК (258,4 мың теңге) мөлшерінде; тұрғын үй жалдауға және коммуналдық қызметтерге ақы төлеуге – бір жыл ішінде 15-тен 30 АЕК (55,3-ден 110,7 мың теңгеге дейін) мөлшерінде», делінген министрлік хабарламасында.

Жыл басынан бері 617 қандасқа түрлі қолдау шаралары көрсетілді. Атап айтқанда, 368 адам тұрақты жұмысқа орналастырылды.

***«Созақ үні»-ақпарат.***

# ЖАҢА ЗАҢ ТУРАЛЫ

2023 жылғы 8 желтоқсанда Президенттің Жарлығымен (№409) бекітілген Адам құқықтары және заң үстемдігі саласындағы іс-қимыл жоспарына сәйкес Ішкі істер министрлігі мүдделі мемлекеттік органдармен, Қазақстан Республикасында бала құқықтары жөніндегі уәкілмен және Парламент Мәжілісінің депутаттарымен бірлесіп, әйелдер мен балалардың құқықтарын қорғау, сондай-ақ отбасылық құндылықтарды ілгерлету жөніндегі шараларды күшейту бойынша заңнамалық түзетулер әзірледі.

Қазіргі уақытта Мемлекет басшысы ағымдағы жылғы 15 сәуір күні Қазақстан Республикасы Парламентінің депутаттары бастамашылық еткен «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне әйелдер құқықтары мен балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңына қол қойды.

Заңның негізгі ережелері:

1) зорлық-зомбылықтың профилактикасы және өмірлік қиын жағдайдағы адамдарды қолдау бөлігінде:

-зорлық-зомбылыққа, қатыгездікке, буллингке ұшыраған кәмелетке толмағандарға көмек көрсету бағдарламаларын әзірлеу бойынша орталық атқарушы органдарға (ІІМ, БП, МАМ) құзырет беріледі;

-тұрмыстық зорлық-зомбылықтан зардап шегуші қызмет көрсететін ұйымдарда болған кезеңде, жәбірленушінің жұмыс берушісі қызметкерге жалақысы сақталмайтын демалыс ұсыну міндеті беріледі (30 күнтізбелік күннен аспайды);

-көппәтерлі үйдің жай серіктестігінің немесе мүлік иелері бірлестігі төрағасының және сенім білдірілген адамның функцияларын кеңейту кондоминиум объектісінде пәтер иелерінің тұруына қауіпсіз жағдай жасауға бағытталған іс-шаралар кешені қамтамасыз етіледі;

-білім беріледі ұйымдарына кәмелетке толмағандарға қатысты құқыққа қайшы әрекеттерді анықтау жұмыстарын жүзеге асыру және болғызбау бойынша, тұрмыстық зорлық-зомбылықтан зардап шеккен білім алушылар мен тәрбиеленушілерге алғашқы психологиялық көмек көрсету құзіретіберіледі;

- өмірлік қиын жағдайда жүрген адамдарды (отбасыларды) ерте анықтайтын мобильді топтарды және Отбасын қолдау орталықтарын құру бойынша ЖАО құзыретіберіледі;

- интернаттық ұйымдарға, білім беріледі ұйымдарына және бала құқықтарын қорғау ұйымдарына қатысты алдын ала ескертусіз жоспардан тыс тексерулерді жүзеге асыру, енгізіледі;

арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсететін ұйымдарды және жазғы сауықтыру қызметтері (балалар лагерлері) лицензияланады.

2) қылмыстық жауаптылықты қатаңдату бөлігінде

- кәмелетке толмаған адамның осындай қылмыс жасаған жағдайын қоспағанда, кәмелетке толмағандарға қатысты зорлық-зомбылықпен байланысты қылмыстар бойынша татуласу мүмкіндігін болдырмайды;

- ұрып-соғу және денсаулыққа қасақана жеңіл зиян келтіру криминализацияланды(ӘҚБтК құрамдарын көшіру-ҚК 108-1 және 109-1-баптары);

-кәмелетке толмағандарға қатысты жыныстық сипаттағы зорлық-зомбылық үшін жаңа жауапкершілік енгізілді (ҚК 121-1-бабы);

-суицидті насихаттағаны үшін жаңа жауапкершілік енгізілді (ҚК 313-1-бабы).

Жазаны күшейту:

-адам өлтіру (қазір: жас балаларға қатысты: 20 жылға немесе өмір бойы бас бостандығынан айыру, болады: тек өмір бойы бас бостандығынан айыру),

-суицидке дейін жеткізу (қазір: үш жылдан сегіз жылға дейін бас бостандығынан айыру, болады: бес жылдан тоғыз жылға дейін),

-денсаулыққа қасақана ауыр зиян келтіру (бас бостандығын шектеу түріндегі санкцияларалынып тасталады және тек үш жылдан сегіз жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыру қалады)

-денсаулыққа қасақана ауырлығы орташа зиян келтіру (бас бостандығын шектеу түріндегі санкцияларалынып тасталады және тек үш жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруқалады)

-азаптау (қазір: екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеу немесе сол мерзімге бас бостандығынан айыру, болады:тек үш жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыру)

-зорлау (қазір: кәмелетке толмағандарға қатысты: он бес жылдан он жеті жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыру, болады: он жетіден жиырмаға дейін, қазір:жас балаларға қатысты: 20 жылға немесе өмір бойы бас бостандығынан айыру, болады:тек өмір бойы бас бостандығынан айыру),

-кәмелетке толмағандарды ұрлау және заңсыз бас бостандығынан айыру («көрінеу кәмелетке толмағанға қатысты жасалған» біліктілік белгісімен толықтырылды);

-кәмелетке толмағандарды тәрбиелеу бойынша қатыгездікпен байланысты міндеттерді орындамау немесе тиісінше орындамау (әкімшілік қамауға алу қазір: он тәулік, болады: жиырма тәулік);

3) әкімшілік жауапкершілікті күшейту және профилактика бөлігінде:

-құқық бұзушының мінез құлқына ерекше талап орнату бөлігінде-ерекше жағдайларда өзінің басқа тұрғынжайы болмасадаагрессорды уақытша тұрғын үйінен шығару көзделді;

- отбасылық-тұрмыстық қатынастар аясында әкімшілік құқық бұзушылық жасаған адамның жүріс-тұрысына ерекше талаптар белгіленген кезде сот психологиялық көмек көрсету бойынша шаралар белгілеуге құқылы;

- отбасылық-тұрмыстық қатынастар аясындағы құқыққа қарсы әрекеттер бөлігінде - жеке тұрғын үйде, пәтерде немесе өзге де тұрғынжайда жасалған деген сөз алынып тасталды.

-қорғау нұсқамасын қайта бұзғаны үшін қазір: он тәулік, болады: жиырма тәулік;

-ата-аналар немесе заңды өкілдер балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз етубойынша шараларды орындамағаны үшін;

-кәмелетке толмағанды қудалағаны (буллинг, кибербуллинг) үшін жауапкершілік енгізілді (ӘҚБтК-нің 127-1-бабы);

- ата-анасының және (немесе) заңды өкілінің еріп жүруінсіз жүретін он алты жасқа толмаған баланы қоғамдық көліктен мәжбүрлі түсіріп тастағаны үшін жауапкершілікті енгізу (ӘҚБтК 593-бабының 1-1-бөлігі).

***Айжан МАНАПОВА,***
***Созақ аудандық полиция бөлімінің әйелдерге қатысты зорлық-зомбылықтан қорғау тобының инспекторы, полиция майоры.***

# АУДАН ОРТАЛЫҒЫН КЕШЕНДІ ДАМЫТУҒА БАҒЫТТАЛҒАН ЖҰМЫСТАР ПЫСЫҚТАЛДЫ

Аудан әкімі Мұхит Тұрысбеков Шолаққорған ауылының ішкі көшелерін аралап, атқарылу керек мәселелер мен орталықты кешенді дамытуға бағытталған жұмыстарды пысықтады.

Әлеуметтік нысандар мен білім беру ұйымдарының сыртқы қоршауларын сырлап, аулаларын абаттандыру мәселесіне тоқталды. Сондай-ақ жаңадан салынатын құрылыстарға қажетті жер телімдерін



көріп, аудан орталығындағы "Достар" стадионында болды. Онда стадионды күрделі жөндеуден өткізу мәселесі қарастырылып, жауапты мамандарға тиісті сметалық құжаттарын әзірлеуді тапсырды.

Бұдан соң Шолаққорған-Түркістан бағытындағы "Жасыл белдеу" аумағына барды. Онда отырғызылған тал көшеттерінің жай-күйімен танысып, мамандарға жүктелген тапсырмалардың орындалу барысын бақылауына алды. Қазіргі уақытта аумағы артқан "Жасыл белдеу" толықтай қоршалды. 10 мың метр-ге жуық шарбақ тартылып, егілген тал көшеттерін суару жүйесі орнатылуда.



# АТҚАРЫЛУ КЕРЕК ЖҰМЫСТАР ПЫСЫҚТАЛДЫ

Аудан әкімі Мұхит Тұрысбековтің төрағалығымен лездемелік жиын өтті. Жиынға сала орынбасарлары, дербес бөлімдер мен мекеме басшылары қатысты.

Жиынның күн тәртібіндегі мәселе ауылдың барлық көшелерінің тазалығы мен көркейту-көгалдандыруға қатысты атқарылу керек жұмыстар пысықталды. Аудан орталығында бөлінген секторлар бойынша бекітілген мекемелерге көшелерді тазалау, күл-қоқыстарды шығару, аялдамаларды қалпына келтіру жұмыстарын жүргізіп, көшелердің бойындағы жол белгілері мен электр бағаналарын сырлау сынды бірқатар тапсырмалар жүктеді.

Айта кетейік, Шолаққорған ауылының аумағы 5 секторға, яғни ондағы 144 көше 39 мекемеге бөлінді. Бөлінген секторлар Шолаққорған ауылының аумағын толықтай қамтиды. Барлық жекелеген секторларға жауапты ретінде бекітілген әр мекемеге көшелерінің тазалығы мен көркейту-көгалдандыру жұмыстары қарастырылған.

# «ЖАСЫЛ АЙМАҚ» АПТАЛЫҒЫНЫҢ АЛҒАШҚЫ КҮНІНДЕ 1500 ТҮП ГҮЛ КӨШЕТТЕРІ ЕГІЛДІ

«Таза Қазақстан» Республикалық акциясы аясындағы «Жасыл аймақ» апталығының алғашқы күнінде Шолаққорған ауылында орналасқан «Абай», «Тәуелсіздік» және «Данқ» саябақтарына 200 түп роза мен 1300 түп шырайгүл көшеттері егілді. Аса күтім талғамайтын және ұзақ гүлдеп тұратын шырайгүл–саябақтар ішінің сәнін кіргізуде.



Сонымен қатар, саябақ іштері қалыпқа келтіріліп, тұрмыстық қалдықтардан тазартылды. Сондай-ақ жаңадан отырғызылған 2000-нан астам тал көшеттері суарылып, арам шөптер оталды. Алдағы күні өзге де ауылдық округтерде «Жасыл аймақ» апталығы аясында егілетін тал мен гүл көшеттерінің саны арта түспек.

***Аудан әкімінің баспасөз қызметі.***

Сәуір айының 19 күні аудан әкімі Мұхит Тұрысбеков Таукент пенен Шолаққорған халқымен кездесіп, есеп берді. Мұнан алдыңғы мақаламда айтқанымдай, алдын- ала түзілген кесте бойынша мен де аудандық «Созақ үні» газеті редакциясының міндеттеуімен Шолаққорған ауыл әкімдігінің мәжіліс залындағы жиынға қатыстым. Бұл жиынның ерекшелігі сол, аудан әкімі, бөлім және мекеме басшыларынан бөлек халықтың алдына есеп беруге бұл жолы алғаш рет ол кісінің үш орынбасары бірдей келіп отырды. Сосын, бұл кездесуге ауыл қариялары менен белсенді азаматтар көбірек қатысты. Бір сөзбен айтқан мәжіліс залы Шолаққорған халқына лық толы болды. Әдеттегідей халықпен амандасып алған соң, Мұхит Сексенбайұлы бұл жолы да бірден баяндама жасауға кірісіп кетті. Алайда, баяндама деген аты болмаса Мұхит Сексенбайұлы ауданымызға басшы болып келгелі жаз-



Мұхаңның сөзіне сүйенсек, әр екі ғимараттың тиесілі қаржылары уақытында аударылып, жұмыстары қарқынды түрде жүріп жатыр екен. Әсіресе, Алтынсарин мектебінің жұмысы қыстың күндері де бір тоқтамапты. Нәтижесінде, қазіргі таңда мектептің 3 ші қабатының жұмыстары жүріп жатқанға ұқсайды. Бұйыртса, бұл мектептің құрылысы да алдағы оқу маусымына дейін аяқталып, оқушылар жаңа оқу жылын су жаңа мектепте қарсы алатын көрінеді. Бұл жайлы да естіген жиылған жұртшылықтың ырзашылығын қас-қабақтарына қарап аңғару қиын емес еді. Әрине, мұнан өзге де ауылымыз бенен ауданымыз үшін өзекті мәселелер көп сөз болды. Әдетте: «Жұмыс болған жерде кемшілісіз болмайды» деп, өз- өзімізді жұбатып жататындығымыз да бар ғой. Иә, тек жұмыс болаған жерде ғана кемшілік болатынын бұқара жұрт та мойындайды,

облыс басшысына тоқтамай айтып жүріп, келісімін алдық. Міне, бұл жұмыстардың барлығы табандылықты талап етеді. Әрине, бұл ретте сіздердің қолдауларыңыз қатты білінеді маған. Ендеше алдағы уақыттарда осылай, бір-бірімізді қолдап, бірлесе жұмыс жасайық!» деді. Аудан басшысы, бұқара халық айтса айтқандай- ақ, аудан әкімінің орынбасарлары, бөлім және мекеме басшылары жұмыстарын біршама ширатулары қажет. Әйтпесе, солардың барлығы дерлік аулымыздың, ауданымыздың төл перзенттері. Бұрынғыдай, сырттан келген сырттан жоқ ауданымызда. Бәрі де өз бауырларымыз. Бірі ағамыз енді бірлері де інілеріміз. Демек, өз арамыздан шыққан басшымыға бағынып, қоғам, аудан игілігі үшін бірлесе жұмыс жасау біліктегілердің ғана емес, баршамыздың мойнымыздың борышы. Кездесуде баса айтылған тағы бір мәселе Мемлекет басшысы

# Аудан әкімінің есебі аудан орталығында жалғасты

баша баяндама тыңдауды аудан халқы мүлдем ұмытты. Өйткені, алдыңғы 6 айда атқарылған және алдағы 6 айлықта атқарылатын істердің баршасына қанық аудан басшысы ауызша баяндама жасауға әбден машықтанып алған. Бұл енді ол кісінің ауданымызда атқарылған және атқарылатын әрбір істі өзі жоспарлап, жүзеге асыратындығына дәлел болса керек- ті. Мен бұл жерде: «бәрін бақылап отыратынына» деген сөзді енгізбедім, себебі, Жартытөбе менен Құмкентте болғанымда аудан әкімінің барлық істерді бірдей бақылауында ұстап отыру мүмкін емес екенін көріп- білдім. Әрине, бұл енді мың жерден басшы болса да аудан әкімінің де бір пенде екенін, сол үшін де оның қарамғында орынбасарлары, бөлім және мекеме басшылары болуы заңдылық екенін білдіреді. Сонымен, Мұхит Сексенбайұлы тура Жартытөбе менен Құмкент халқыменен кездескендігідей облыс әкімінің, әкімдігінің құзырына қайта- қайта барып жүріп, ауданымызда облыстық бюджеттен бөлнуі тиіс қаржыларды қаратып келгенін баса айтты. Мұны енді кездесуге келген халық аудан әкімінің мінезділігіне, табандылығына жорып, іштей риза болып отырды. Жалпы, бұл кездесуде Шолаққолрған әкімдігіне тиесілі игі істерден бөлек, ауданымызға қатысты өзекті мәселелер де кеңінен сөз етілді. Солардың арасында Шу өзенінің суының Шу өңіріне келу жайы да айтылды. Әсіресе, аудан әкімнің алдыңғы 6 айлық есептік жиында Шу өңірі халқының тарапынан нақ осы Шу өзеннің суының ауданымызға әкелінуі мәселе етіп қойылғандығы айтылды. Тағы да Мұхит Сексенбайұлының осы кездесуде Шу өңірінің шаруаларына Шу өзеннің суының биыл ауданымызға келуіне ықпал етуге уәде бергеніде атап өтілді. Міне, осы себепті де наурыз және сәуір айларында екі- үш рет ауданымыздан жұмысшы топтар шығып, сонау Қырғызстан шекарасына, Жамбыл облысына барып қайтқандығы жайлы да сөз болды. Сол сапарлардың біріне аудан әкімі Мұхит Тұрысбековтың өзі де шығып болатын. Нәтижесінде, Жамбыл облысы әкімдігінің өкілдерімен және тиісті сала басшыларының қатысуымен өткен екіжақты кездесуден соң мамыр айының 1 не дейін Шу өзенінің суы ауданымызға жіберілетіндігі, егер, Тасөткел су қоймасына жиналатын судың көлемі артқан жағдайда өңірімізге жіберілетін судың көлемі де артатындығы келісілген болатын. Міне, аудан әкімінің есебі аудан орталығында өтетін сәуірдің 19-на дейін Шу өзенінің суы өңіріміздің шекарасынан өтіп, Шу ауылына жеткендігі белгілі болды. Оның үстіне, «Шу- Талас» су инспекциясының басшысы Гүлмира Имашеваның аракідік телефонмен хабарласып, мәселені бақылауында ұстап отырғандығы да айтылды. Сондай- ақ, сәуірдің 25- 25 жұлдызыдарында аудан әкімінің Шу өңіріндегі халықпен кездесуі жоспарланып отырғандығы және сол жиынға

дейін Шу өзенінің су Тасты және Жуантөбе ауылдарына да жететінінен үмітті екені де сөз етті Мұхит Сексенбайұлы. Бұдан бөлек, ауданымыздың орталығы Шолаққорған ауылына 2015 жылдан бері арнайы жоба жасалып, 2018 жылдан бері көгілдір отын әкелу шарасы жүріп жатқандығын да аудан әкімі тілге тиек етті. Тілге тиек етті деген сөздің өзі сыпайы айтылғандық- ау, Мұхит Сексенбайұлы бұл газ мәселесінің ауылымызға ғана емес, ауданымыз үшін де бүгінгі күннің ең өзекті мәселесі боп тұрғанын жасырмады. Қазіргі таңға да дейін қаралған 7, 5 млрд қаржының 70 пайыздан артығы игеріліп қойса да бүгінгі таңға дейін көгілдір отынның шолаққорғандықтардың игілігіне берілмей отырғандығының себептеріне де жеке-жеке тоқталып, түсіндірме жасады. Нәтижесінде, көзделген межеден көп қалып отырғанымызды, алайда, 2024 жылдың қара күзіне дейін көгілдір отынның игілігін көруге қатысты барынша жұмыс істеліп жатқанын баса айтты.

көбінесе кешіріммен қарап та жатады. Дегенмен, әрнәрсенің де бір шегі бар ғой. Міне, осы шек әйтеуір біздің қоғамның бір ішегін ағартпай- ақ қойды. Айтпағым, мұнан алдын Құмкент ауылында болғанда да мұнда да (Шолаққорған ауыл әкімдігінде) жиылған көптің тарапынан ауыл әкімдіктерінің деңгейінде шешіліп кететін бір болмашы мәселелер көтеріліп жатты. Бұл да ештеңе емес, нақ осындай кішігірім мәселелердің кейде облыс әкімінің есептерінде» активтерінде қозғалып қап жататыны көпті қынжылтады. Мұны аудан әкімі Мұхит Сексенбайұлы баса айтты. Осы ретте, ол кісі жиылған көпке: «Құрметті ағалар- інілер егер сіздер менен біздер бір болсақ, бітпейтін іс жоқ. Сіздер кез –келген мәселені жасырып қалмай, маған, орынбасарларыма, ауыл әкімдеріне және бөлім мен мекеме басшыларына жеткізіңіздер. Қайта сол мәселелердің шешілу жолдарына қатысты ұсыныстарыңызбен келіңіздер. Мен қай кезде де сіздерді қабылдауға, тыңдауға



Айтуынша, тамыз айының соңына дейін Шолаққорғаннан Шымкентке шыға берісте орналасқан үлкен газ аймағына АГТС (автоматтандырылған газ стансасының) қондырғысының құрылысы жүріп, аяқталады екен. Мұнымен қабат облыс әкімдігінің құрылыс жөніндегі басқармасы Бәйдібек ауылы арқылы келетін газ трассасынан ауданымызға көгілдір отын келтіруге де қатты жұмыс жасалып жатқан көрінеді. Аудан әкімнің аузынан: «Бұйыртса биыл қыстай газ жағатын боласыздар» деген сүйінште толы сөз шыққанда, жиылған жұрт кәдімгідей «уһ» деп, қуаныштарын да жасыра алмады. Әсіресе, қарияларымыз үйлеріндегі кемпірлеріне облыс әкімнің тарапынан берілген уәденің орындалатындығына дән риза боп жатты. Тағы да Мұхит Сексенбайұлы ауданымыздың орталығынан салынып жатқан Ы. Алтынсарин атындағы жалпы орта мектеп пенен спорткешеннің жұмыстарына да тоқталып өтті.

және ақылдасуға әзірмін. Егер де менің деңгейімде шешілмейтін мәселе болса бірден айтамын, міне, сол кезде жоғары жаққа шықсаңыздар болады. Ал енді, ауылдар менен аудан деңгейінде шешілетін мәселелерді бірден әлеуметтік желілерге салып жіберсеңіздер, біріншіден, ол істің шешілу қайта айналып ауданға келеді. Екіншіден, ауданымыздың атын жаман жағынан көрсетуге себеп боп қаласыздар. Өздеріңіз де білесіздер, мына Таукент пенен Қыземшек кенттерінің жылуы жылда жыр болады. Былтырғы жылы әлеуметтік желілердің жұлдызына да айналдық. Биыл сондай олқылықтардың алдын алу мақсатында облыс әкіміне ауданымыздан шыққан облыстық мәслихат депутаттарын салып, қайта- қайта барып, дәлелдеп жүріп әлгі кенттердегі тұрғын үйлер менен мекемелерді мазут сұйық отынымен жылытуға көшіретін болдық. Басқа ешбір ауданға бермеген рұқсатты ауданымыздың ерекшелігін

Тоқаевтың «Таза Қазақстан» жобасы болды. Осы ретте, аудан басшысы Президент Тоқаевтың «Таза Қазақстан» үндеуіне аудан халқын үн қосуға шақырды. Түрлі заңдарменен мәртебелерді алға тартып, жұмыс істеуден бас тартудың орынына өз еркімізбен өз ауылымызды таза ұстауға ат салысайық деді. Ауданымыздың Түркістанға шығатын даңғыл жолдың екі тарапына қара ағаштар отырғылып келе жатқанын, отырғызыла беретіндігін айта келе, бұл мәселеге де жұмыс жасауымыз керектігін ескертті. Тіпті, ауылдардағы көшелеріміздің ішіндегі электр бағаналарын, үйлеріміздің бақшаларын бояуға сыр, әк алуға және қоқыстардан тазартып, тал егуге қатысты әкімдіктерге бюджеттен қаржы қойдырып бергенін де сөз етті. Жалпы, аудан әкімі Мұхит Тұрысбеков бұл басқосуда жоғарыда айтқанымдай, біраз мәселеге тоқталды. Олардың барлығын жазып отыруға да болар еді, бірақ, істеліп жатқан істер ортада, күнделікті өмірде өздеріңіз де көріп жүрсіздер ғой деп, көбісін жазбай- ақ қояйын деп шештім. Алайда, ауыз толтырып айтарлықтары ауылдастарымызға айтпай кетсек, ағайынның алдында айып болар еді. Солардан маған да жиылған жұртшылыққа да ұнағаны аудандық, ауылдық бюджеттің және демеушіліктің есебінен биылғы жылы Шолаққорғанда 27 көшенің жарықтандырылып, екі көшенің аяқ жолмен қамтылатыны болды. Тағы да ауылымыздың бірнеше көшелеріне тас, асфальт жолдар төселетін бопты. Жылда барлық ауылдар бойынша жарықтандырылған көшелердің жарығы жанбай қалып, жергілікті халық наразы боп жататын. Көбінесе электр бағаналарындағы жарық шамдарын ауыстыратын техникалардың жетіспейтіндігі сөз боп жататын. Мұхит Сексенбайұлы бұл түйткілдің де түйінін шешіп, барлық ауыл әкімдіктеріне арнайы сатыға қаржы қарап беріпті. Ендігі жерде ауыл әкімдері менен мердігер компаниялардың бір сылтаулары азайып, жұмыстары жеңілдейтін болды. Сондай- ақ, бірнеше көшелерден футбол және ойын алаңшалары түседі екен. Жаңадан жасалғалы жатқан «Астана» ықшама ауданының инфрақұрылымына қаржы қарау жоспарда екен. Әне, ағайын! Айта берсек, ауыз толтырып айтарлық ауданымызда да ауылымызда жаңалық, жұмыс көп. Ендігі жерде, мына еліміздің батыс өңірінде орын алып жатқан тетенше жағдайға қатысты қаралған қаржыларымыз сол жақтарға аударылып кетпесе дейік! Сөз соңында, байқадыңыздар алда атқарылар жұмыс көп көрінеді. Міне, сол жұмыстардың басында Мұхит Сексенбайұлы бастаған біліктегі бауырларымыз аянбай еңбек етсін де біз де (бұқара халық) болған істерді бақылап, қажетті жерлерде қадағалап, қоғамның, ауданымыздың игілігі үшін бірлікте жұмыс жасайық!

***Данияр БЕК.***

## Проводится конкурс по передаче в аренду земель сельскохозяйственного назначения по Созакскому району

В соответствии со статьей 48 Земельного кодекса Республики Казахстан, «Отдел земельных отношений  Созакского района» акимата Созакского района объявляет о проведении конкурса по передаче в аренду земельных участков для ведения сельскохозяйственного производства.

Определены условия организации и проведения конкурсов по передаче в аренду земельных участков для ведения сельскохозяйственного производства.

1. Дата и место проведения конкурса: 17июня 2024 года,  10-00 часов село Шолаккоргана, улица Жібек жолы дом №14, здание аппарата акима Созакского района, второй этаж, малый зал. Дополнительную информацию можно получить по телефону 8(72546) 4-27-69.

Дата и место приема заявок на конкурс (прием документов) принимается: с 27мая 2024 года до 14июня 2024 года (заканчивается  14.06.2024 год  18-00 часов) село Шолаккоргана, улица Жібек жолы дом №40, Государственное учреждение «Отдел земельных отношений Созакского района» акимата Созакского района.

2. Заявка на участие в конкурсе по предоставлению права временного возмездного землепользования (аренды) для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства должна содержать:

1) для негосударственных юридических лиц Республики Казахстан – наименование юридического лица, его место нахождения, сведения о государственной регистрации (перерегистрации) в качестве юридического лица, сведения о руководителях и участниках или акционерах заявителя – юридического лица с указанием размера их доли в уставном капитале (от общего размера уставного капитала), сведения об аффилированных лицах заявителя;

2) для физических лиц – фамилию, имя и отчество (если оно указано в документе, удостоверяющем личность) заявителя, место жительства, гражданство, индивидуальный идентификационный номер, сведения о документе, удостоверяющем личность заявителя;

3) местоположение земельного участка, на который претендует заявитель;

4) конкурсное предложение;

5) обязательства по заключению договора временного возмездного землепользования (аренды) земельного участка сельскохозяйственного назначения для ведения крестьянского или фермерского хозяйства либо сельскохозяйственного производства в течение трех рабочих дней со дня получения уведомления о необходимости подписания указанного договора в случае признания заявителя победителем конкурса по предоставлению права временного возмездного землепользования (аренды) для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства.

Заявку на участие в конкурсе по предоставлению права временного возмездного землепользования (аренды) для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства могут представлять уполномоченные представители физического лица или негосударственного юридического лица Республики Казахстан на основании доверенности, выданной и оформленной в соответствии с законодательством Республики Казахстан.

3. Конкурсное предложение должно содержать:

1) бизнес-план (прогнозный объем инвестиций, площади возделывания сельскохозяйственных культур, поголовье сельскохозяйственных животных, применяемые агро технологии, наличие сельскохозяйственной техники и технологического оборудования, квалифицированных специалистов в области сельского хозяйства, количество создаваемых рабочих мест);

2) обязательства по составлению и освоению проекта внутрихозяйственного землеустройства, выполнению мероприятий по развитию сельскохозяйственной инфраструктуры;

3) обязательства по исполнению требований земельного законодательства Республики Казахстан, включая правила рационального использования земель сельскохозяйственного назначения, выполнению индикативных показателей по диверсификации структуры посевных площадей сельскохозяйственных культур в соответствии со специализацией региона, соблюдению научно обоснованных агро технологий, фитосанитарных и карантинных требований.

4. Конкурсное предложение представляется участником конкурса в закрытом конверте, отпечатанное или написанное несмываемыми чернилами в прошитом виде с пронумерованными страницами, где последняя страница заверяется: подписью участника – для физических лиц (или доверенного лица) и подписью первого руководителя (или доверенного лица) и печатью (при ее наличии) – для юридических лиц, за исключением случаев его подачи посредством веб-портала "электронного правительства".

В заявке и на конкурсном предложении не должно быть никаких вставок между строчками, подтирок или приписок, за исключением тех случаев, когда участнику необходимо исправить грамматические или арифметические ошибки.

В закрытом конверте конкурсного предложения указывается надпись "Конкурс по предоставлению права временного возмездного землепользования (аренды) для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства" и "Не вскрывать до17.06.2024 года до 10-00 часов". (указывается точная дата).

Заявка на участие в конкурсе, не соответствующая требованиям пункта 9 статьи 43-1 Земельного кодекса, подлежит отклонению.

Дата принятия заключение конкурсной комиссии  17.06.2024 года.

## СОЗАҚ АУДАНЫ БОЙЫНША АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ МАҚСАТЫНДАҒЫ ЖЕРЛЕРДІ ЖАЛҒА БЕРУ КОНКУРСЫ ӨТКІЗІЛЕДІ

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 48 бабына сәйкес, Созақ ауданы әкімдігінің жер қатынастары бөлімі жер учаскелерін ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін жалға беру конкурсын өткізетінін хабарлайды.

Жер учаскелерін ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін жалға беру конкурстарын ұйымдастырудың және өткізудің шаттары мен талаптары.

1. Конкурс өткізілетін күні және орны: 2024 жылы 17маусым сағ 10 - де. Созақ ауданы, Жібек жолы көшесі №14 үй, аудан әкімі аппараты ғимараты, екінші қабат, кіші залында өтеді. Қосымша ақпаратты 8(72546) 4-27-69 телефоны арқылы білуге болады.

Конкурсқа өтінімдері беру (құжаттарды қабылдау) күні және орны: 2024 жылдың27мамырынан – 14маусымына дейін (14.06.2024 жыл сағ: 1800 - де аяқталады). Созақ ауданы, Шолаққорған ауылы, Жібек жолы көшесі №40 үй, «Аудан әкімдігінің жер қатынастары бөлімі» мемлекеттік мекемесі.

2. Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурсқа қатысуға өтінімде:

1) Қазақстан Республикасының мемлекеттік емес заңды тұлғалары үшін – заңды тұлғаның атауы, оның тұрған жері, заңды тұлға ретінде мемлекеттік тіркелуі (қайта тіркелуі) туралы мәліметтер, жарғылық капиталдағы (жарғылық капиталдың жалпы мөлшерінен) үлестерінің мөлшері көрсетіле отырып, өтінім берушінің – заңды тұлғаның басшылары мен қатысушылары немесе акционерлері туралы мәліметтер, өтінім берушінің үлестес тұлғалары туралы мәліметтер;

2) жеке тұлғалар үшін – өтінім берушінің тегі, аты және әкесінің аты (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілген болса), тұрғылықты жері, азаматтығы, жеке сәйкестендіру нөмірі, өтінім берушінің жеке басын куәландыратын құжат туралы мәліметтер;

3) өтінім беруші үміттеніп отырған жер учаскесінің орналасқан жері;

4) конкурстық ұсыныс;

5) өтінім беруші шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурстың жеңімпазы деп танылған жағдайда, шаруа немесе фермер қожалығын не ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскесін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) шартына қол қою қажеттігі туралы хабарламаны алған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде көрсетілген шартты жасасу жөніндегі міндеттеме қамтылуға тиіс.

Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурсқа қатысуға өтінімді жеке тұлғаның немесе Қазақстан Республикасының мемлекеттік емес заңды тұлғасының уәкілетті өкілдері Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес берілген және ресімделген сенімхаттың негізінде ұсына алады.

4. Конкурстық ұсыныста:

1) бизнес-жоспар (инвестициялардың болжамды көлемі, ауыл шаруашылығы дақылдарын өсіру алаңдары, ауыл шаруашылығы жануарларының мал басы, қолданылатын агротехнологиялар, ауыл шаруашылығы техникасы мен технологиялық жабдықтың, ауыл шаруашылығы саласындағы білікті мамандардың болуы, ашылатын жұмыс орындарының саны);

2) шаруашылықішілік жерге орналастыру жобасын жасау және игеру, ауыл шаруашылығы инфрақұрылымын дамыту іс-шараларын орындау жөніндегі міндеттемелер;

3) ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерді ұтымды пайдалану қағидаларын қоса алғанда, Қазақстан Республикасы жер заңнамасының талаптарын орындау, өңірдің мамандануына сәйкес ауыл шаруашылығы дақылдарының егіс алаңдары құрылымын әртараптандыру бойынша индикативтік көрсеткіштерді орындау, ғылыми негізделген агротехнологияларды, фитосанитариялық және карантиндік талаптарды сақтау жөніндегі міндеттемелер қамтылуға тиіс.

5. Конкурстық ұсынысты, "электрондық үкімет" веб-порталы арқылы беру жағдайларын қоспағанда, конкурсқа қатысушы беттері нөмірленіп, тігілген түрде мөрленген немесе өшірілмейтін сиямен жазылған жабық конвертте ұсынады, конкурстық ұсыныстың соңғы беті жеке тұлғалар (немесе сенімді өкіл) үшін - қатысушының қолымен және заңды тұлғалар үшін - бірінші басшының (немесе сенімді өкіл) қолымен және мөрімен (бар болса) куәландырылады.

Өтінімде және конкурстық ұсыныста қатысушыға грамматикалық және арифметикалық қателерді түзету қажет болған жағдайларды қоспағанда, жолдар арасында ешқандай кірістірмелер, өшірулер немесе қосып жазулар болмауы тиіс.

Конкурстық ұсыныстың жабық конвертінде "Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурс" және17.06.2024 жылғы сағ 1000- ге дейін ашуға болмайды" (ашудың нақты күні көрсетіледі) деген сөздер жазылады.

Жер кодексінің 43-1-бабы 9-тармағының талаптарына сәйкес келмейтін конкурсқа қатысуға арналған өтінімнен бас тартылады.

Конкурстық комиссияның қорытындысы қабылданатын күні 17.06.2024 жыл.

**Қазақстан Республикасының «Жер кодексінің» 43-1-бабына сәйкес Түркістан облысы, Созақ ауданы әкімдігі ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін жер учаскелерін жалға беру жөніндегі конкурс жариялайды. Конкурс арқылы жалға берілетін жер учаскелерінің ТІЗБЕСІ**

| Жер учаскесінің Лот № | Жер учаскесінің қысқаша сипаттамасы | Көлемі, (га) | Ауыл округі | Топырақтың сапалық сипаттамасы | Бонитет балы | Өңірдің ауыл шаруашылығына мамандануы | Жалға беру мерзімі, жыл |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | Жайылым | 500 | Қарақұр | Шалғынды-қоңыр ашық солтүстік орташа сортаң | 8 | мал шаруашылығы | 49 |
| 2 | Жайылым | 2000 | Қарақұр | Шөлді сортаңды сұр- қоңыр ашық сазды топырақ | 8 | мал шаруашылығы | 49 |
| 3 | Суармалы егістік | 75 | Қарақұр | Шөлді сортаңды сұр- қоңыр ашық сазды топырақ | 13 | егін шаруашылығы | 49 |
| 4 | Жайылым | 500 | Қарақұр | Сұр-қоңыр шалғынды-шөлді сортаң орташа сазды | 10 | мал шаруашылығы | 49 |
| 5 | Жайылым | 860 | Қарақұр | Сұр-қоңыр шалғынды-шөлді сортаң орташа сазды | 10 | мал шаруашылығы | 49 |
| 6 | Жайылым | 1000 | Қарақұр | Сұр-қоңыр сортаңсыз ашық саздақты сортаң шөлді сортаң жеңіл жазды | 8 | мал шаруашылығы | 49 |
| 7 | Жайылым | 1000 | Қарақұр | Сұр-қоңыр сортаңсыз ашық саздақты | 9 | мал шаруашылығы | 49 |
| 8 | Жайылым | 4000 | Қарақұр | Сұр-қоңыр сортаңсыз ашық саздақты сортаң шөлді сортаң жеңіл жазды | 7 | мал шаруашылығы | 49 |
| 9 | Жайылым | 1000 | Қарақұр | Шалғынды сортаң, тақыр тәрізді жоталы құм | 8,3 | мал шаруашылығы | 49 |
| 10 | Жайылым | 139 | Шолаққорған | Сұр-қоңыр сортаңсыз ашық саздақты сортаң шөлді сортаң жеңіл жазды | 2 | мал шаруашылығы | 49 |
| 11 | Жайылым | 1600 | Қаратау | Ашық солтүстіктің дамымаған сұр топырақтары, орташа тасты-қиыршақ | 7 | мал шаруашылығы | 49 |
| 12 | Жайылым | 1000 | Қаратау | Ашық солтүстіктің дамымаған сұр топырақтары, орташа тасты-қиыршақ | 6 | мал шаруашылығы | 49 |
| 13 | Жайылым | 2000 | Қаратау | Сұр-қоңыр кәдімгі дамымаған орташа құмды саздық | 7 | мал шаруашылығы | 49 |
| 14 | Жайылым | 500 | Қаратау | Жеңіл солтүстік сұр, дамымаған, жеңіл сазды | 7,6 | мал шаруашылығы | 49 |
| 15 | Жайылым | 100 | Құмкент | Сұр-қоңыр сортаңдар тақыр тәрізді шөл сортаңы | 14 | мал шаруашылығы | 49 |
| 16 | Жайылым | 50 | Созақ | Сұр-қоңыр сортаңдар тақыр тәрізді шөл сортаңы | 12 | мал шаруашылығы | 49 |
| 17 | Суармалы егістік | 5,5 | Созақ | Сұр-қоңыр сортаңдар тақыр тәрізді шөл сортаңы | 14 | егін шаруашылығы | 49 |
| 18 | Жайылым | 103 | Созақ | Сұр-қоңыр сортаңдар тақыр тәрізді шөл сортаңы | 103 | мал шаруашылығы | 49 |
| 19 | Жайылым | 1000 | Созақ | Сұр-қоңыр сортаңдар тақыр тәрізді шөл сортаңы | 6 | мал шаруашылығы | 49 |
| 20 | Жайылым | 1000 | Созақ | Сұр-қоңыр сортаңдар тақыр тәрізді шөл сортаңы | 7 | мал шаруашылығы | 49 |
| 21 | Жайылым | 2000 | Созақ | Сұр-қоңыр сортаңдар тақыр тәрізді шөл сортаңы | 8 | мал шаруашылығы | 49 |
| 22 | Суармалы егістік | 8 | Созақ | Сұр-қоңыр сортаңдар тақыр тәрізді шөл сортаңы | 14 | егін шаруашылығы | 49 |
| 23 | Суармалы егістік | 7 | Созақ | Сұр-қоңыр сортаңдар тақыр тәрізді шөл сортаңы | 13 | егін шаруашылығы | 49 |
| 24 | Суармалы егістік | 6 | Созақ | Сұр-қоңыр сортаңдар тақыр тәрізді шөл сортаңы | 11 | егін шаруашылығы | 49 |
| 25 | Жайылым | 85 | Созақ | Сұр-қоңыр сортаңдар тақыр тәрізді шөл сортаңы | 7 | мал шаруашылығы | 49 |
| 26 | Жайылым | 1000 | Жартытөбе | Сұр-қоңыр сортаңдар тақыр тәрізді шөл сортаңы | 8 | мал шаруашылығы | 49 |
| 27 | Жайылым | 1000 | Жартытөбе | Солтүстік сұр, орташа сазды топырақ | 6 | мал шаруашылығы | 49 |
| 28 | Жайылым | 1000 | Жартытөбе | Солтүстік сұр, орташа сазды топырақ | 6 | мал шаруашылығы | 49 |
| 29 | Жайылым | 1000 | Жартытөбе | Солтүстік сұр, орташа сазды топырақ | 17 | мал шаруашылығы | 49 |
| 30 | Суармалы егістік | 2 | Сызған | Дамымаған солтүстік сұр, жеңіл сазды топырақ | 8 | егін шаруашылығы | 49 |
| 31 | Жайылым | 104 | Сызған | Солтүстік кәдімгі сұр, орташа сазды топырақ | 6 | мал шаруашылығы | 49 |
| 32 | Жайылым | 1000 | Тасты | Солтүстік кәдімгі сұр, орташа сазды топырақ | 7 | мал шаруашылығы | 49 |
| 33 | Жайылым | 1000 | Жуантөбе | Дамымаған солтүстік сұр, жеңіл сазды топырақ | 7 | мал шаруашылығы | 49 |
| 34 | Жайылым | 1000 | Жуантөбе | Сұр-қоңыр сортаңдар тақыр тәрізді шөл сортаңы | 7 | мал шаруашылығы | 49 |
| 35 | Жайылым | 500 | Жуантөбе | Сұр-қоңыр сортаңдар тақыр тәрізді шөл сортаңы | 7 | мал шаруашылығы | 49 |
| 36 | Жайылым | 1000 | Шу | Сұр-қоңыр сортаңдар тақыр тәрізді шөл сортаңы | 6 | мал шаруашылығы | 49 |
| 37 | Жайылым | 5500 | Қаратау | Сұр-қоңыр сортаңдар тақыр тәрізді шөл сортаңы | 5 | мал шаруашылығы | 49 |

**Суармалы егістік 103,5га, жайылым34541га: Барлығы 34644,5 га**

Қазақстан Республикасының «Жер кодексінің» 43-1 бабының 6-тармағына сәйкес, ауданның, облыстың маңызы бар қаланың жергілікті атқарушы органы шаруа немесе фермер қожалығын, ауылшаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурсқа қатысуға өтінімдер қабылдауды шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылық өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурсты өткізу туралы хабарлама тиісті әкімшілік-аумақтық бірлік аумағында таралатын мерзімді баспасөз басылымдарында және жергілікті атқарушы органның интернет-ресурсында алғаш рет жарияланған күннен бастап күнтізбелік отыз күн өткен соң, ал конкурс қайта өткізілген жағдайда, күнтізбелік он бес күн өткен соң бастайды. Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылық өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурсқа қатысуға өтінімді қабылдау және тіркеу-өтінімдерді қабылдау басталған күннен бастап он бес жұмыс күні ішінде, ал конкурс қайта өткізілген жағдайда, он жұмыс күні ішінде жүзеге асырылады.

***Аудандық жер қатынастар бөлімі.***

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| **Прочие расходы:** | тыс. тенге | 156,98 | 156,98 | 0% |
| услуги по предоставлению базы Юрист | тыс. тенге | 156,98 | 156,98 | 0% |
| **Всего затрат** | тыс. тенге | 97912,56 | 73155,69 | -25% |
| **для юридических лиц** | тыс. тенге | 97912,56 | 73155,69 | -25% |
| **Всего доходов** | тыс. тенге | 97912,56 | 72774,61 | -26% |
| **Объемы оказываемых услуг** | тыс.м3 | 114,45 | 85,07 | -26% |
| **Прибыль+/Убыток-** | тыс. тенге | | -381,08 | |
| Нормативные потери | % | 15% | 1% | -96% |
| | тыс.м3 | 22,07 | 0,55 | -97% |
| **Тариф (без НДС)** | тенге/м3 | 855,51 | 855,43 | 0% |
| Справочно: | | | | |
| Среднесписочная численность работников, всего | чел. | 23,00 | 23,00 | 0% |
| в том числе: | чел. | | | |
| производственного персонала | чел. | 21,00 | 21,00 | 0% |
| административного персонала | чел. | 2,00 | 2,00 | 0% |
| Среднемесячная заработная плата, всего | тенге | 151818,97 | 151818,97 | 0% |
| в том числе: | | | | |
| производственного персонала | тенге | 150689,17 | 150689,17 | 0% |
| административного персонала | тенге | 163681,88 | 163681,88 | 0% |

**Отчет исполнения тарифного плана по услугам водоотведения Таукентского филиала ТОО "Уранэнерго" за 2023 год.**

| Наименование показателей | Ед.изм. | Утвержденный тариф на 2023 год. Согласно приказу №87-ОД от 26.10.2023г. | Фактические показатели за 2023 год | Отклонение |
|---|---|---|---|---|
| **Затраты на производство товаров и предоставление услуг,всего** | тыс. тенге | 30628,78 | 22599,57 | -26% |
| **Материальные затраты, всего** | тыс. тенге | 1699,68 | 1784,66 | 5% |
| Сырье и материалы | тыс. тенге | 964,98 | 1013,23 | 5% |
| ГСМ | тыс. тенге | 488,02 | 512,42 | 5% |
| Электр энергия покупная | тыс. тенге | 246,68 | 259,01 | 5% |
| **Затраты на оплату труда, всего** | тыс. тенге | 14381,11 | 14455,01 | 1% |
| Заработная плата | тыс. тенге | 12903,06 | 12903,06 | 0% |
| Социальные отчисления | тыс. тенге | 1090,96 | 1145,50 | 5% |
| Обязательное медицинское страхование | тыс. тенге | 387,09 | 406,44 | 5% |
| **Амортизация** | тыс. тенге | 6062,16 | 0,00 | -100% |
| **Ремонт, всего** | тыс. тенге | 2509,02 | 0,00 | -100% |
| Текущий ремонт | тыс. тенге | 2509,02 | 0,00 | -100% |
| **Прочие затраты, всего** | тыс. тенге | 5976,81 | 6359,90 | 6% |
| Услуги столовой (молочные талоны) | тыс. тенге | 290,78 | 305,32 | 5% |
| Услуги автобазы | тыс. тенге | 2694,70 | 2829,44 | 5% |
| Услуги РМС (изготовление не стандартных изделий) | тыс. тенге | 64,24 | 67,45 | 5% |
| Услуги сторонних организаций (по проверки приборов, метрология) | тыс. тенге | 114,30 | 120,02 | 5% |
| Страхование ГПО | тыс. тенге | 66,23 | 69,54 | 5% |
| Командировочные расходы | тыс. тенге | 61,13 | 64,19 | 5% |
| Услуги охрана труда и техника безоп. | тыс. тенге | 1200,52 | 1260,55 | 5% |
| Материалы на охрану труда и техника безопасности | тыс. тенге | 24,72 | 25,96 | 5% |
| Спецодежда | тыс. тенге | 438,41 | 460,33 | 5% |
| Повышение квалификации | тыс. тенге | 155,97 | 163,77 | 5% |
| Налог на имущества и отчисления в фонд охраны природы (платежи за загрязнение окруж. среды) | тыс. тенге | 865,81 | 993,35 | 15% |
| **Расходы периода, всего** | тыс. тенге | 4111,48 | 4203,72 | 2% |
| Заработная плата адм. персонала | тыс. тенге | 1913,26 | 1913,26 | 0% |
| Социальные отчисления | тыс. тенге | 163,59 | 171,77 | 5% |
| Обязательное медицинское страхование | тыс. тенге | 34,44 | 36,16 | 5% |
| Командировочные расходы | тыс. тенге | 86,91 | 91,26 | 5% |
| Канцелярские товары и услуги СМИ | тыс. тенге | 142,92 | 150,07 | 5% |
| Повышение квалификации | тыс. тенге | 74,65 | 78,38 | 5% |
| Амортизация ОФ | тыс. тенге | 255,62 | 255,62 | 0% |
| Материалы на содержание машин, ГСМ и комп. техники | тыс. тенге | 310,14 | 325,65 | 5% |
| Страхование ГПО | тыс. тенге | 21,76 | 22,85 | 5% |
| Услуги охраны объектов | тыс. тенге | 294,58 | 309,31 | 5% |
| Услуги пожарной охраны | тыс. тенге | 46,90 | 49,25 | 5% |
| Услуги сторонних организации ОТиТБ | тыс. тенге | 102,87 | 108,01 | 5% |
| Услуги связи | тыс. тенге | 457,75 | 480,64 | 5% |
| Услуги банка | тыс. тенге | 108,19 | 113,60 | 5% |
| **Налоги в т ч** | тыс. тенге | 19,42 | 19,42 | 0% |
| - налог на транспортные средства | тыс. тенге | 18,11 | 18,11 | 0% |
| - налог на имущество | тыс. тенге | 1,31 | 1,31 | 0% |
| **Прочие расходы:** | тыс. тенге | 78,49 | 78,49 | 0% |
| прочие услуги по предоставлению базы Юрист | тыс. тенге | 78,49 | 78,49 | 0% |
| **В сего затрат** | тыс. тенге | 34740,26 | 26803,29 | -23% |
| **Прибыль/убыток** | тыс. тенге | 0,00 | -121,92 | |
| **Всего доходов** | тыс. тенге | 34740,26 | 26681,36 | -23% |
| **Объемы оказываемых услуг** | тыс.м3 | 104,72 | 80,43 | -23% |
| **Тариф (без НДС)** | тенге/м3 | 331,74 | 331,72 | 0% |
| Справочно: | | | | |
| Среднесписочная численность работников, всего | чел. | 10,00 | 10,00 | 0% |
| в том числе: | | | | |
| производственного персонала | чел. | 9,00 | 9,00 | 0% |
| административного персонала | чел. | 1,00 | 1,00 | 0% |
| Среднемесячная заработная плата, всего | тенге | 123469,34 | 123469,34 | 0% |
| в том числе: | | | | |
| производственного персонала | тенге | 119472,81 | 119472,81 | 0% |
| административного персонала | тенге | 159438,07 | 159438,07 | 0% |

**Основные финансово-экономические показатели деятельности субъектаестественной монополии за 2023 год.**

**Бухгалтерский баланс за 2023 год**

тыс. тенге

| Активы | Код строки | На конец отчетного периода | На начало отчетного периода |
|---|---|---|---|
| **I. Краткосрочные активы:** | | | |
| Денежные средства и их эквиваленты | 010 | 28031 | 59837 |
| Финансовые активы, оцениваемые по амортизированной стоимости | 011 | 10 | 51 |
| Задолженность работников (в т.ч. ссуды) | | 10 | 51 |
| Краткосрочная торговая и прочая дебиторская задолженность | 016 | 1229313 | 1043267 |
| Торговая дебиторская задолженность | | 1 227776 | 1043267 |
| Прочая дебиторская задолженность | | 1537 | 0 |
| Запасы | 020 | 6079 | 21588 |
| Прочие краткосрочные активы | 022 | 5465 | 3953 |
| прочие краткосрочные активы | | 5142 | 3648 |
| налоги | | 323 | 305 |
| **Итого краткосрочных активов (сумма строк с 010 по 022)** | 100 | 1268898 | 1128696 |
| Основные средства | 121 | 429942 | 358675 |
| Прочие долгосрочные активы | 127 | 8224 | 12224 |
| Незавершенное строительство | | 8224 | 12224 |
| **Итого долгосрочных активов (сумма строк с 110 по 127)** | 200 | 438166 | 370899 |
| **Баланс (строка 100 + строка 101 + строка 200)** | | 1707064 | 1499595 |
| Краткосрочные финансовые обязательства, оцениваемые по амортизированной стоимости | 210 | 8315 | 7034 |
| прочие финансовые обязательства (ранее стр.222) | | 8315 | 7034 |
| Краткосрочная торговая и прочая кредиторская задолженность | 214 | 3321950 | 3114215 |
| Торговая кредиторская задолженность | | 3321080 | 3113757 |
| Прочая кредиторская задолженность | | 870 | 458 |
| Краткосрочные оценочные обязательства | 215 | 24786 | 20637 |
| Вознаграждения работникам | 217 | 12989 | 10422 |
| Прочие краткосрочные обязательства | 222 | 6824 | 6242 |
| прочие краткосрочные обязательства | | 49 | 501 |
| налоги | | 6775 | 5741 |
| **Итого краткосрочных обязательств (сумма строк с 210 по 217)** | 300 | 3374864 | 3158550 |
| Вознаграждения работникам | 317 | 1795 | 1730 |
| **Итого долгосрочных обязательств (сумма строк с 310 по 316)** | 400 | 1795 | 1730 |
| **V. Капитал** | | | |
| Уставный (акционерный)капитал | 410 | 7864023 | 7864023 |
| Компоненты прочего совокупного дохода | 413 | 425612 | 425612 |
| Нераспределенная прибыль (непокрытый убыток) | 414 | -9959230 | -9950320 |
| **Итого капитал, относимый на собственников материнской организации (сумма строк с 410 по 414)** | 420 | -1669595 | -1660685 |
| **Всего капитал (строка 420 +/- строка 421)** | 500 | -1669595 | -1660685 |
| **Баланс (строка 300 + строка 301 + строка 400 + строка 500)** | | 1707064 | 1499595 |

**Отчет о прибылях и убытках за 2023 год**

тыс. тенге

| Наименование показателей | Код строки | План | За отчетный период | За предыдущий период |
|---|---|---|---|---|

*(Жалғасы 6-бетте).*

## Отчет об исполнении утвержденной инвестиционной программы и тарифной сметы на регулируемые услуги Таукентского филиала ТОО «Уранэнерго».

**Отчет исполнения инвестиционной программы Таукентского филиала ТОО «Уранэнерго» за 2023 год.**

| Наименование показателя | Ед.изм. | Кол. | План тыс. тенге без НДС | Факт тыс. тенге без НДС |
|---|---|---|---|---|
| Создания волоконно-оптической линий связи от ПС 110/35/10 кВт "ГПП-К" до ПС 35/10 кВт "ГПП-3" (участок №1) 1 Этап согласно ПСД (СМР) | услуг | 1 | 36 028 | 35 344 |
| Приобретение Мнема схема 3000*2000мм | штук | 1 | 3 225 | 2 900 |
